АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

26.11.2026 № 243

Ақтөбе қаласы город Актобе

Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуы бойынша мерзімді тексерулер жүргізудің 2027 жылғы I жартыжылдыққа арналған жоспарын бекіту және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №75 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-6 бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуы бойынша мерзімді тексерулер жүргізудің 2027 жылғы I жартыжылдыққа арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Ақтөбе облысы әкімдігі «Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуы бойынша 2026 жылдың II жартыжылдығына арналған мерзімді тексеру жүргізудің жоспарын бекіту туралы» 2026 жылғы 30 сәуірдегі №75 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен «Ақтөбе облысында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасының сақталуы бойынша мерзімді тексерулер жүргізудің 2026 жылғы II жартыжылдыққа арналған жоспары» осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы Жоспарды Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етіп, осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Ақтөбе облысының әкімі **А. Шахаров**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

001224

* Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қызмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
* Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Scanned with CamScanner